

# МЕДИА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА. ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕГЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Радио және ТВ жаңалықтарға арнап  
мәтін жазу



Хабар таратушы БАҚ-ты анықтайтын негізгі сипаттама – оның жеделділігі. Осы бір императив, сөзсіз талап электрондық БАҚ-тағы журналистерді өте шапшаң жұмыс істеуге мәжбүрлеп отырады. Екі негізгі хабар таратушы БАҚ – радио мен телевидение көпшілік аудиторияға арналған жаңалықтарды жеткізуші болып қалып отыр. Әрине, әлеуметтік желілер, әсіресе шұғыл жаңалықтардың негізгі жеткізушісіне айналған Twitter пайда болғалы, соңғы кездері бұл медиалардың жылдамдығы күмән тудыратын болды. Дегенмен көпшілік не болып жатқанын естіп, көзімен көруі үшін және оқиғаның анық-қанығына көз жеткізу үшін әлі де болса, радио мен телевидениеге жүгінеді.

Бұл дәрісіміз визуалдық әсерлер немесе аудиоматериалды редакциялау сияқты нақты бір техникалық ерекшеліктерді емес, көбінесе электрондық БАҚ үшін жаңалықтар хабарын, хат үлгісін жазуға қатысты болмақ. Радиодағы қысқа жаңалықтар хабары әдетте әр сағат сайын берілетін жаңалықтар шығарылымында ұсынылады, дегенмен, маңызды оқиғалар, шұғыл хабарлар эфирге кез келген уақытта шығуы мүмкін. Телевизияның ұзақтығы әдетте жарты сағаттық жаңалықтар шығарылымы, көбінесе кешкі жаңалықтар түріндегі өз баламасы бар және тәуліктің түрлі уақытында шығатын қысқа жаңалықтар нұсқасы да болады. Жаңалықтар шығарылымы үшін сюжеттер жасаумен айналысатын репортерлер жасағы жаңалықтар тарататын желілерде жұмыс істейді. Жарияланатын жаңалықтар ауқымы мерзімді басылымдарға қарағанда шектеулі болады, ең бастысы, уақыты жағынан шек қойылады. Алайда жаңалықтар сюжетін – түсірілімін жасау, оқиға орнына бару және жұмыс орнына қайтып келу, материал жазу, видео монтаждау сияқты жұмыс ерекшеліктері де аз ғана уақыт аралығында жүзеге асырылады.

Журналист үшін радионың да, телевидениенің де баурап алар басты қыры – материал сұлбасы ойыңызда пайда болған сәттен бастап көп ұзамай өз жұмысыңыздың нәтижесін эфирден көріп, ести алуға болатын сиқыры. Радио өндірістік жағынан жылдамырақ болғанмен, бұл ақпарат құралдарының екеуі де газетке қарағанда жылдамдау. Әрине, хабар таратудың ең жылдам түрі – тікелей эфирдегі жұмыс. Хабар таратушы БАҚ журналистері жазып-сызудың сенімді машықтарын меңгеруі тиіс. Олар өте қысқа әрі дұрыс мәтін жаза білу мүмкіндігіне ие болуы керек. Кәсіби радиожурналист көбінесе бір ауысымда 4-тен 8-ге дейін шығарылым жасай білуі тиіс; телевизия журналисі техникалық талаптар көбірек болғандықтан, азырақ материал жасайды.

Радиожурналистің тағы бір артықшылығы – материалдарды, әсіресе сұхбатқа қатысты болса, телефон арқылы да ала алады. Журналист әрине, қарсылық шеруінде немесе төтенше жағдайлар кезінде біреуден сұхбат алу үшін оқиға орнына барады, дегенмен, ондай жағдайлар жиі бола бермейді. Телевизиялық репортер әдетте, оператормен бірге жұмыс істейді.

«Медиа және Журналистика» оқу құралы электрондық БАҚ журналистерінің мынадай пайдалы қасиеттерін атап өтеді:

- қиын сәттерде абырой-беделін сақтай білуі;
- оқиға барысына қарай ойлана білу қабілеті;
- аса мол күш-қуат қорына ие болуы;
- түрлі тақырыптарға жылдам ауыса білу мүмкіндігі;
- техникалық дағды-машықтарға ие болуы;
- сапалы аудиомен немесе видеомен қамтамасыз ету үшін өз құлағы (радио үшін) мен көзін (телевидение үшін) барынша айқын әрі сыни түрде пайдалана білу қабілеті.

Ал радио мен телевидение жаңалықтарының басты айырмашылығы – мәтін жазу ерекшелігінде. Ең бастысы, қысқа, ықшам және өте түсінікті етіп жазу керек. Электрондық БАҚ-тың кейбір журналистері мәтін жазуда әлі де қиналып жатады. Қысқа жаза білу журналистің жаңалықты сезіну қабілетін және аудитория назарын материалға аудара отырып, қажет нәрсені астарлап жеткізе білетінін көрсетеді. Хабар таратушы журналистер қашанда хабар таратудың нақты қағидалары аясында жақсы жазушы бола білуі тиіс. Жаңалықтарды жаңалықтар жазудың басқа пішіні арқылы беретін бірнеше қызметі бар. Олардың ішінде үшеуі айрықша маңызды саналады:



- дәлдік;
- айқындық;
- толықтық.

Дәлдік ақпараттың жеткілікті болуын, мұқият тексерілуін және түсіндірілуін талап етеді. Айқындық ақпарат алушыға түсініксіз болып қалатын ешқандай артық сөзі жоқ, грамматикалық және стилистикалық тұрғыдан дұрыс әрі нақты тілді қажет етеді, бұл әсіресе түсініксіз техникалық терминдерге қатысты. Толықтық – Кім? Не? Қашан? Қайда? және Қалай? деген стандартты сауалдар жиынтығына жауап береді.

Журналистер көбінесе қызмет жолын баспасөздік БАҚ-тан бастап, содан соң электрондық БАҚ-қа көшіп жатады. Университеттегі журналистика курстары да дәл солай алдымен принт медиадан басталып, содан соң хабар тарату оқытылады. Мұндай шешім қабылдаған журналистер үшін бастапқыда кездесер қиындық – жазу стилін өзгертуі. Нақтырақ айтсақ, артық сөздерді лақтырып тастауды үйренуіне тура келеді. Бірақ ішкі сезімі мәтін тым аз сияқты, тағы да қоса түссем ғой деп тұрады. Журналист тақырыптың не туралы екенін барынша аз сөзбен көп ақпарат бере білетін жағдайда болуы тиіс. Мәтін неғұрлым қарапайым болса, соғұрлым жақсы шықпақ. Радиодағы жаңалықтар хабарының көпшілігі әдетте 30-дан 60 секундқа дейін, ал телевизиялық жаңалықтар сюжеті аздап ұзақтау, шамамен, 120 секундқа дейін болатынын есте тұту қажет.

Радиодағы секундына үш сөзден есептелген мәтінде тек 90 немесе 180 сөз болуы мүмкін, ал телевизиялық сюжетте 360 сөзден аспауы тиіс (видео және кадрда сөйлейтін адамдардың синхрондары болатындықтан, одан да аз болуы мүмкін). Мәтін естіп отырған адамның назарын аударып, бірден баурап алуы тиіс. Жаңалықты барынша қысқа уақыт ішінде жеткізе білу ең қиын мәселе болуы ықтимал. Тіл қарапайым, ал сөйлем қысқа (бар мүмкіндігінше) болуы тиіс. Құрмалас сөйлемдерден құралған күрделі сөздерді барынша пайдаланбауға тырысыңыздар; сондай-ақ, ерекше сөздерді де қоспауға тырысу қажет. Тыңдарман мен көрерменге ұзын сөздері көп мәнерлі сөйлемді түсіну қиынға соғады. Тіпті баспасөздік БАҚ-та қолдануға әбден болатын сөйлемдердің өзін эфирден қабылдау қиын болуы мүмкін. Бұл оқу мен тыңдауға қатысты мүлдем басқаша қабылдау сезімдерінің салдары.

Телевизиялық репортаждың радио немесе газет репортажынан ерекшелігі, ол көрерменге оқиға туралы айтып қана қоймай, көрсетіп береді де. Егер «газетшілер» немесе «радиошылар» оқиғаны сөзбен «суреттеуге» мәжбүр болса, «телевизиялық» журналист сипаттау қызметін бейнелермен, «картиналармен» толықтыра алады. Бұл бір жағынан ақпаратқа көбірек назар аударуға мүмкіндік береді, яғни телерепортер не болып жатқанын ғана емес, неге солай болғанын, оның салдары неге әкеп соғуы мүмкін екенін де айтып өте алады. Ал екінші жағынан, телевизиялық журналистер оқиғаға көбірек тәуелді болады. Оқиға орнына сол оқиға аяқталып қалғанға дейін жетіп, бейнематериалдар түсіріп үлгеруі қажет. Бұл фактор телерепортаж үшін ақпараттық себеп бола ала ма деген мәселені шешуде маңызды болмақ. Радио және газет журналистері белгілі бір фактінің оқырманға, көрерменге қаншалықты қызықты болатынын ойлайды. Телевизиялық журналист көрерменге қандай «картинаны» көрсете алатынын бағалайды. Видеоқатарлардың тұшымдылығы – репортаждың «көруге тұрарлықтай» болуындағы негізгі шартының бірі. Дегенмен радиошығарылым тәуекелдері көбірек болады. Егер тыңдарманды алғашқы секундтарда-ақ баурап алудың сәті түспесе, хабар түгелдей жарамсыз болып қалуы мүмкін. Әрине, бұл жағынан баспасөздік БАҚ жұмысынан біраз айырмашылығы бар; егер газет оқырманы бастапқы кезде ештеңе түсіне алмаса, оқиғаны мағынасы түсінікті болғанға дейін қайта-қайта оқып шыға алады. Радио-жаңалықтар тұрақсыз болады. Телевизияда көрерменнің негізгі мағынаны түсінуіне көмектесетін бейнелер бар, ал видео адам санасында негізгі мағынаны қалыптастыра алатын аса қуатты құрал. Радиода тек өзіңізге ғана сенесіз. Әдетте адам радио тыңдаған уақытта тағы бір іспен айналысып отырады. Газет-журналдар телевидениедей толық болмаса да, оқырман назарын түгелдей жаулап алады. Сондықтан радиоға тыңдарман назарын өзіне аудару үшін жолда кетіп бара жату, балаларға қарау, компьютер алдында жұмыс істеу немесе оқырманның кешкі ас әзірлеуі сияқты көптеген алаңдатарлық істермен бәсекелес болуына тура келеді. Радиоға жаңалықтар мәтінін жазатындар оқиғаны бір естігеннен-ақ баурай алатындай етіп жеткілікті түрде жақсы



жазбаса, еңбегінің зая кететінін әрқашан есте сақтауы тиіс. Әрине, егер қайталау болатын болса, тыңдарман жаңалықты келесі шығарылымында қайта тыңдай алуы мүмкін, бірақ әрқашан олай бермейтінін ұмытпаған жөн.

Қысқа жаза білу көп шеберлікті талап етеді. Жаңалықтар шығарылымында тіл дәлдігі өте-мөте маңызды. Міндетті түрде жақсы ойластырылған, түсінікті тіл болуы тиіс, сондықтан негізгі мақсат – тыңдарман жаңалықтың мағынасын оңай түсінетіндей тілмен жазу және жаңалықтар оқығанда мүдірмеудің де маңызы зор. Жазба басталмас бұрын немесе эфир алдында өз мәтініңізді дауыстап оқып алыңыз. Дауыстап оқу – қолыңыздағы парақтан көріне бермейтін артық немесе түсініксіз сөздердің, күрделі сөйлемдердің бар-жоғын анықтап алу үшін жақсы тәсіл. Эфир журналистері жаңалықты өз аудиториясымен тікелей сөйлесіп отырғандай етіп оқуы тиіс. Тым ресми немесе жасанды сөйлеудің қажеті жоқ, бірақ тым еркінсіп немесе немқұрайлы сөйлеп, тыңдарманның жүйкесіне де тиюге болмайды. Радиожурналистер сілтеме сөздер мен сөйлемдерді қолдана отырып, хабарды аша білуді үйренеді, яғни тыңдарманның жаңалық тақырыбын жылдам түсінуіне және негізгі ақпаратты қабылдауына көмектесетін сөздер қолданады. Міне, сондай белгі беруші сөздер, ағылшынша айтқанда signposting арқылы тыңдарман оқиға мәнмәтінін оңай түсінетін болады. Дегенмен белгілердің бір ойдан басқа бір ойға өтуге болатын тағы бір міндеті бар. Ондай белгілердің радиода маңызы зор. Радиода жүргізуші баспасөздегідей басқа ойға бірден көше алмайды. Ой ауысуын жұмсарту үшін сілтемелер қажет. Белгілер мен сигнал сөздер – шын мәнінде, тыңдарманға: «Жақсы, біз оқиғаның осы жағын қарастырып шықтық, енді басқа қырына көшейік» деген сияқты бір немесе екі сөйлемнен тұрады.

Мәселен, журналист өз әңгімесін «Әлем жаратылысын зертейтін астрофизика...» деген сөздерден бастауы мүмкін. Бұл жердегі сөйлемнің басталуы жаңалық мәнмәтінін қалыптастырып тұр, енді ары қарай қандай тақырып туралы екені, әңгіме астрофизикаға қатысты болатыны түсінікті, сондықтан біз жаңа ақпаратқа ойша дайындала бастаймыз. Сөйлемнің екінші жартысында: «Үлкен жарылыс теориясының негізгі қырын нақтылады...» деген жаңалықтың өзі айтылады. Белгі беруші сөздер мен сөйлемдер жоғарыда айтып өткеніміздей, екі түрлі ойды байланыстыруы мүмкін. Олар: «Сонымен қатар», «Сондай-ақ», «Басқа да жаңалықтарға көшсек» сияқты сөздер болуы ықтимал.

Телехабарда сіз оқиғаны баяндайсыз, сондықтан бұл жерде журналист төңкерілген пирамида аясында шектеліп қалмауы тиіс. Оқиғаны баяндау жай әңгімеге ұқсас болады, ал төңкерілген пирамида құрылымы бұл мәнмәтінде жасанды болып көрінуі мүмкін. Негізгі мақсат – телекөрсетімдер оқиғаға қатысты артық сұрақ қалмайтындай етіп барынша түсінікті баяндау. Телевизиялық мәтінде де белгі беруші сөздер мен сөйлемдер болады. Жаңалықтардың шынайы мысалы мінекей: «Біріккен Ұлттар ұйымы агенттігі әлем халқының үштен екі бөлігінің жиырма жыл бойы жеткілікті су көлемімен қамтамасыз етілмейтінін ескертеді». Назар аударсаңыз, «кім» бұл жерде «Біріккен Ұлттар ұйымының мекемесі» – негізгі оқиға басталмас бұрын бірінші айтылып өтеді. Осылайша, ақпарат алушы жаңалықтың өзіне дайын және оны тиімді қабылдау мүмкіндігіне ие болады. Осы мысал көрсеткендей, «кім» белгісінің адам болуы міндетті емес: ол қандай да бір ұйым болуы да мүмкін. Журналистикада журналисттің кәсіби тәжірибесінің бір бөлігі болып табылатын жалпы мақұлданған нормалары мен стилистикалық өлшемдері бар. Эфирлік журналистиканың баспасөздік нормалар мен стильдерге ұқсас тұстары бар, бірақ мәтін жазуда көптеген айырмашылығы да, қосымша міндеттері мен талаптары да жеткілікті. Жоғарыда айтылғандай, істің мәнін барынша түсінікті етіп айту қажет, өйткені аудитория сіздің мәтініңізді эфирден бір-ақ рет естиді, сондықтан бәрін бірден дұрыс түсінетіндей жазу керек. Өзіңіз эфир арқылы жеткізіп тұрған мәтінді ақпарат алушыда оның растығына күмән қалмайтындай етіп сенімді түрде оқу қажет. Мүдірмеңіз, міңгірлемеңіз. Өз сюжетіңіздегі кейіпкерлердің аты-жөнін бұрмаламай, анық айтыңыз, лауазымын шатастырып алмаңыз.

Радио және телевидениеде әдетте, алдымен ақпарат көзі көрсетіледі: егер біреудің сөзі келтірілсе, оның кімге тиесілі екенін айту керек, тек содан соң ғана пікір білдіруге көшкен дұрыс. Адамдардың аты-жөнін толық (егер мүмкін болса) айту қажет; егер маңызды дерек болса, аты мен тегін сюжетте екі рет еске салып өткен жөн. Кейіпкердің қызметі мен мамандығы қысқаша түрде (түсінікті түрде) беріледі; кейде қысқа әрі түсінікті бола түсу үшін ресми лауазымының ұзын-сонар атауы қысқартылады.





Мәтін үш логикалық байланыстан – басынан, ортасынан, соңынан тұруы тиіс екенін есте сақтаңыз. Анағұрлым маңыздырақ ақпаратты (мысалы, қылмыс орын алған жерді) қайталап өткен дұрыс. Көрерменге экранда не көріп отырғанын түсіндіріп өтіңіз. Видеоқатарлардың 100% түсінікті болатынына сенімді болуға болмайды. Сонымен қатар, көрерменнің теледидар экранынан онсыз да көріп отырған нәрсесін тәптіштеп айтудың қажеті жоқ. Сіздің міндетіңіз – оны неге көрсетіп жатқаныңызды бір ауыз сөзбен түсіндіріп өтіп, картинада жоқ ақпаратты видеоқатармен толықтыра түсу. Мәтін тіліңіз қарапайым әрі түсінікті болуы тиіс. Қарапайым сөздерден және оңай сөйлемдерден құрылуы тиіс. Тыңдарман мен көрерменнің түсінбеген жерін тоқтатып қойып, мәтінді қайта тыңдап шығатын мүмкіндігі жоқ. Барлық артық мәліметтерді сызып, тек аудио және видеоматериалды түсінуге қажетті ақпаратты ғана қалдырыңыз. Мәтіндегі айқындылыққа қол жеткізу тәсілдерінің бірі – сіз бір сөйлемге сыйдыруға ұмтылған деректер санын азайту. Бұл жерде қатып қалған ереже жоқ, дегенмен, әр сөйлемде тек бір ғана, ары кетсе екі ғана дерек болуы тиіс.

Тыңдармандарыңыздың жүйкесіне тиетін немесе шатастырып жіберетін кез келген сөзден арылығыз, өйткені түсініксіз, ұзақ әрі жасанды сөздер қажет емес. Күрделі цифрларды құлақпен жылдам қабылдай қою қиын болатындықтан, нақты деректер қажет етілмеген жағдайда, сан есімдер жалпылама айтыла береді. Материал таймингін білу үшін мәтіндегі сөз есептеп шығуды қажет ететіндіктен, санды сөз түрінде жазудың маңызы зор, өйткені цифрлар жалпы сөз санының бір бөлігін құрауы мүмкін. Өтіп кеткен немесе алдағы болатын оқиғалардың уақыты туралы айтқанда, аптаның қай күні екенін көрсетудің қажеті жоқ. Дұрысы: «кеше», «бүгін», «ертең» деп анықтап айтқан дұрыс, сонда аудитория бүгін аптаның қай күні екенін есіне түсіруге тырысып, ойы бөлінбейді. Телевизия мен радиода әдетте өткен шақ емес, осы шақ қолданылады. Егер өткен шақты қолдану керек болса, ескіріп қалған жаңалықты айтып отырғандай әсер қалдырмау жағын ойластырған жөн.

Мәтін оқу ырғағы тыңдарман мен көрермен үшін маңызды емес. Көптеген адамдар үшін құлақпен қабылданатын ақпараттан гөрі, көзбен қабылданатын ақпарат әлдеқайда тиімді қабылданады. Бірақ телевизиялық сюжет үшін минутына 250 сөз немесе сәл көбірек сөз қолдану кеңес етіледі. Жаңалықтар жүргізушісі мен тәжірибелі журналистер секундына шамамен, үш сөзден немесе минутына шамамен, 180 сөзден оқиды. Егер баяу оқитын болсаңыз, дауысыңыз іш пыстырып жіберуі немесе тіпті, бірсарынды естілуі мүмкін. Ал егер тым жылдам оқысаңыз, ақпаратты түсіну қиындап кетеді. Әрине, нақты таймингті сақтау басты қағидалардың бірі саналады. Себебі эфир уақыты алдын ала жоспарланады.

Эфир журналисті мен жүргізушісі үшін дикция, нақтылық, сөздің жатық шығуы, дауыстың бірқалыптылығы аса маңызды. Бұлардың барлығы табиғи болуы тиіс. Сөйлеу мәнері бойынша кейбір жаттығуларды орындау арқылы тіл меңгерудің ауызша деңгейін жақсартуға болады. Егер күрделі сөздерді, терминдерді, аты-жөндерді айта алатыныңызға күмәндансаңыз, оларды мәтінде буын-буынға бөліп жазып, дұрыс екпінін белгіліп қойыңыз. Баяндайтын оқиғаңыздағы тыныс белгілерін дұрыс қолданыңыз, өйткені тыныс белгілері – сөйлеу барысындағы табиғи кідірістердің жазбаша түрі, олар оқырманның оқиға екпінін дұрыс бағамдап отыруына көмектеседі. Диктордың сөзі бір ғана сөйлем аясында қысқаша болуы мүмкін, бірақ ары кетсе үш-бес сөйлемнен аспауы тиіс. Журналист өз материалында қазір ғана диктор айтып өткен сөздерді қайталамауы тиіс, керісінше, тақырыпты кеңейтіп, жаңа ақпараттар енгізуі, сондай-ақ, нақтылайтын ақпарат қосуы, мәселен, оқиға орнынан репортаж жүргізсе, қажетті атмосфераны жеткізе білгені жөн.

ТВ және радиодағы үздік журналистер – мәтінді қиналмай жазып шығады. Жаңалықтар шығарылымы үшін жылдамдықтың маңызы зор. Тереңдеп отыруға мүмкіндік жоқ. Сондықтан деректерді тез түсінуге көмектесетін стильде ұсына білу қажет. Бүгінде аудиовизуалдық медиа күнделікті өмірімізге барынша дендеп ене түсуде, телевидениедегі де, Интернеттегі де телеарналар саны артып келеді. Сөйтіп біртіндеп билік тарапынан да, медиаөнімдер жасаушылар тарапынан да қоғамға ықпал етудің қуатты тетігіне айналуда. Радио да подкасттар дамуымен қатар жаңа тынысқа ие болуда. Сондықтан мәтін дайындай білу машықтарын меңгеру, эфир жаңалықтары үшін ақпаратты өңдеу тетіктерін түсіне алу журналист жұмысындағы аса маңызды сәт болып саналады.